

Қыдыр Т.Е., Тулақбаева Қ.Ж.

**Ахмет Хазини
және оның діни-тәлімдік
шығармалары турасында**

Қазақ халқының рухани құндылық саналатын дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық көзқарастарын зерделеуде сан ғасырлық тарихы бар көне мұра – діни-тәлімдік шығармалардың алатын орны айрықша. VII ғасырда пайда болып, кеңінен таралған ислам діні өзімен бірге тың өркениет пен мәдениет алып келді. Оны имани сеніммен қабылдаған халықтардың әдебиетінде жаңа бағыт, тың серпіліс пайда болды. Мақалада түркі халқының сопылық әдебиетінің негізін қалаған Қожа Ахмет Йассауи хақында маңызды деректер беретін, өмірін сопылық жолға арнаған Ахмет Хазини мен оның шығармалары туралы баяндалады.

Түйін сөздер: парсы тілі, сопылық ілім, ислам мәдениеті, сопылық тариқат, силсила.

Kydyr T.E., Tulakbaeva K.Zh.

**About Ahmad Hazini and his
religious works**

The article discusses the importance of the work Ahmad Hazini in sufian ideas Khwaja Ahmad Yasawi.

Key words: persian language, sufizm, Islamic culture, sufian tariqa, silsila.

Қыдыр Т.Е., Тулақбаева Қ.Ж.

**Об Ахмеде Хазини
и его религиозных
произведениях**

В статье рассматривается значимость произведений Ахмеда Хазини в изучении суфийских идей Ходжа Ахмеда Йассави.

Ключевые слова: персидский язык, суфизм, исламская культура, суфийские братства, силсила.

**АХМЕТ ХАЗИНИ
ЖӘНЕ ОНЫҢ
ДІНИ-ТӘЛІМДІК
ШЫҒАРМАЛАРЫ
ТУРАСЫНДА**

Ұстанымы – Аллаһты үнемі еске алу, нәпсімен күрес, ғибадатты ықыласпен орындау, ыждаһаттылық және сабырлықпен амал ету болып табылатын сопылық ілімінің құпиясы туралы айтылған ой-пікірлер мен жазылған зерттеу жұмыстары қаншалықты көп болғанымен, әлі де зерттеуді қажет ететін қыр-сырлары жетерлік.

Сопылық дүниетанымның ерекшелігі сол – оны бір ауыз сөзбен түсіндіріп беру мүмкін емес. Сондықтан мұсылман ғалымдары оған түрлі қырынан келіп түсініктеме беруге тырысқан. Атақты сопылар Сарий ас-Сақати (865ж.) «Сопылық көркем ахлақ (мораль)», Әбу Хафс ән-Найсабури (883ж.) «Сопылық толығымен әдеп (этика)», Әбу әл-Хүсейн ән-Нури (907ж.) «Сопылық нәпсінің құмарлықтары мен талаптарын тәрк ету» атты еңбектерінде сопылық ілімінің рухани тазалығымен қатар адам жанының, ішкі жан дүниесінің кемелдену жолы екендігі ақиқат екенін айтса, Зәкәрия әл-Ансари (һижраның 929 жылы қайтыс болған) «Сопылық мәңгілік бақытқа жету мақсатында нәпсіні тәрбиелеудің жай-жапсарын үйрететін, мінез-құлықты көркейтетін, кісінің ішкі жан дүние мен сыртқы жаратылысты қатар меңгертетін ілім», Имам әл-Жүнәйд (һижраның 297 жылы дүние салған) «Сопылық деп күллі жақсы мінездерді пайдаланып, барлық нашар мінездерді тәрк етуді айтамыз» деп сипаттайды. Сопылар сопылық фәлсафаның негізі тікелей Құран мен Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) сүннеті деп таниды. Кейбір авторлардың пікірінше, мысалы, А.Д.Кныш өзінің «Мұсылмандық мистицизм» кітабында бұл тақырып төңірегінде батыс пен шығыстың көзқарасы екі бөлек екендігі, яғни сырттай зерттеудің әсерінен батыстық түсініктің шығыстық болмыстан айырмашылығы бар екенін айта келе «Суфизмнің іргелі категориясы – білім культі, парасат және махаббат культі. Суфизм тұлғаның қалыптасуы мен дамуының негізі. Суфизм – бұл терең тұлғалық дүние түсінік» [6, 120] деп көрсетсе, профессор Б. Абилова «Сопылардың айқындауы бойынша, тәубаға келу харамнан бас тарту, халалға жүгіну, бұл жолда адам күнә істеуді тоқтатып, жасаған күнәсіна өкініп, күнә жасамауға шешім қабылдайды. Сопылық қауымда мүрид ұстаздың бақылауымен өз ісіне есеп береді. Бұл мәдени-әлеуметтену формасы болып табылады» деп тұжырымдайды [1, 97].

Қазақ халқының дәстүрлі діни танымында сопылық ілімнің алар орны ерекше. Халқымыздың дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен тығыз байланыста дамыған, көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәрменді рухани фактор болған ислам дінінің бір-бірімен тоғысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп айта аламыз. Ислам діні арқасында түркілер қоғамы моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық жағынан жаңа сипат алды.

Қазақ жерінде қылыштың күшімен емес, бейбіт жолмен орныққан исламның таралуына өзіндік үлесін қосқандардың бірі – сопылық миссионерлер. Олардың ықпалының арқасында түркілер нормативтік, классикалық исламға емес, халықтық, сопылық, жергілікті жердің сараптамасынан өткен сенімді қалыптастырды.

Ислам өркениетінің бөлшегі ретінде ұлы даламыздағы рухани өрлеу бар саланы қамтыды. Ислам әлемі ортақ мәдениеті бар біртұтас дүниеге айналды. Қазіргі Иран, Ауғанстан, Қазақстан мен Орта Азия елдері халқының мәдени мұрасы өзара тығыз байланыста дамыды. Қазақстан мен Орта Азия халықтарына ортақ рухани мұраның құндысы бұ – түркі халықтарының рухани пірі атанған Қожа Ахмет Йассауи мен оның ілімі.

Қазақ мәдениетінің ислам дінін қабылдағаннан кейінгі ең серпінді даму кезеңін Йассауи бабамызбен және оның сопылық жолымен байланыстырамыз. Көптеген зерттеушілер өз еңбектерінде исламды жергілікті халық дәстүрімен шебер үндестіре білген сопылар турасында ауқымды территорияда ислам дінінің дамуына үлес қосып, миссионерлік қызмет атқарды деп көрсетеді. Осы тұрғыда Дж. Тримингэм өз еңбегінде Йасауидің ілімін оның шәкірттері бүкіл Түркі әлеміне, яғни Шығыс Түркістаннан Еділ аралығына, Хорасанның оңтүстігіне, Әзербайжанның батысына және Кіші Азияға дейін таратқанын жазады [10, 40]. «Шейх пен оның бауырластығы өздерін тек қана Құдайдың құлы ретінде емес, жалпы халықтың жеке тобы ретінде де сезінген болатын... Насаб-наме Хожа Ахмет Йассауидің 40 хилвет ханы (сопылардың мистикалық әрекеттерін орындау үшін оңашаланатын жері- А.А.), 12 мың муридтері бар» деп жазады А.П. Абуов [2,67].

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық көзқарастарын зерделеуде ұзақ уақыт бойы ғылыми айналымға түспей, жабық тақырыпқа айналған сан ғасырлық тарихы бар көне мұра – діни-тәлімдік шығармалардың алатын орны айрықша. Өзімен бірге тың өркениет пен

мәдениет алып келген исламды имани сеніммен қабылдаған халықтардың рухани өмірінде жаңа бағыт пайда болды. Әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алған ортағасырлық Хаққа ғашық шығыс ақындарының шығармаларының бірқатары осы діннің ықпалымен дүниеге келді десек артық айтқандық болмас. «Ақындардың атасы» атанған Ә. Рудаки, Мәуләуи, А. Ансари, Санай сынды парсы сопылық поэзия өкілдерінің жыр жолдары мен сырға толы өлеңдері, Ф.Аттар («Газкират-ул әулия», «Мантәқат тайр»), Хусейн Кәшифи («Рашахат айн әл-хайат»), Шейх Мұхаммед Алим Сыддықтың («Ламахот мин нафахат ул қудс»), Әлішер Науаидың «Насойим-ул-мұхаббат» сынды мазмұны бай және тарихи сипаты мол еңбектері бұрынғы және сол дәуірдегі атақты әулие, сопылар туралы рухани құнды жәдігерлердің қатарында. Әдебиеттану саласындағы өзекті проблемалардың бірі бұл – дін мен әдебиеттің өзара байланысы, бір-біріне өзара ықпалы болып табылады. Рухани өмірдегі бұл құбылыстардың өзара байланысына ислам мистицизмі – сопылық ілімнің шығыс тілді шығармалардан да көрініс табуы дәлел.

Ислам дінінің аясында дүниеге келген әдеби мұраларды теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсеткен Т.Қыдыр ортағасырлық әдеби шығармаларды дәстүрлі ислами, ислами астар алған, сопылық және сопылық астар алған әдебиет деп бөліп қарастыра келе, «сопылық әдебиеттің негізгі көтеретін тақырыбы – Аллаға ғашықтық және ішкі сезімді жырлау. Бұл топқа кіретін шығармалардың ислами астар алған әдебиеттен өзгешелігі, мұнда сопылық терминдер мен шартты түрде берілетін символдар жиі кездеседі. Сопылық астар алған әдебиетте көтеретін тақырып – тәлім-тәрбие, сондай-ақ ішкі сезім мен Аллаға ғашықтық» деп сипаттайды [5, 53, 55]. Осындай шығармалардың қатарында XVI ғасырда өмір сүрген сопы шейх Ахмет Хазини еңбектерін атауға болады. Араб, парсы шығармаларында жиі колданылған мәснәуи, ғазал, тәржибанд жанрларында жазылған Хазинидің еңбектерінде де сопылық тіркестер (зікір, қылуат, тариқат, итикаф, арбаин, суфра, т.б.) көптеп кездеседі. Бүгінде түркі халқының сопылық әдебиетінің негізін қалаған Қожа Ахмет Йассауи сынды ғұламаның түркі халықтарының төл мәдениетімен астасып жатқан ілім жолы арқылы ұлттық болмысымызды айқындауда Хазини шығармаларының үлесі зор. Шайқының туған, қайтыс болған жылдары, өмірі туралы әртүрлі болжамдарды зерттеушілер оның өз еңбектерінен алынған мағлұматтар бойынша жасайды. Ғалымдардың

бірі шамамен 1533 жыл деген болжам жасаса, енді бір деректерде 1534-35 жылдар деп көрсетілген [12, 24]. Өз еңбектеріндегі деректерге сүйене отырып шайқының шамамен 1594-95 жж. Анадолыда дүниеден өткенін болжауға болады. Ахмет Хазини және оның мұрасын зерттеген зерттеуші ғалымдардың арасында өзбекстандық зерттеуші Н. Хасан өз еңбегінде Ахмет Хазинидің «Джами' әл-муршидин», «Манба' ул абхар фи рийаз әл-әброр», «Худжжат ул әброр дар асами-йи аулия-и кибар», «Диван», «Жауаһир ул әброр мин амуажил бихар», «Тасалла' әл-қулуб (Тарджи' банд)» аталатын басты шығармаларын атап көрсетеді [12, 18]. Тегі араб мәуераннахрлық шайхтың еңбектерінің басым бөлігі парсы тілінде жазылған. Мұсылман әлемінде XIII ғасырға дейін араб тілі үстем болса, XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап парсы тілі поэзия мен көркем әдебиет, дерекнамалық тіл ретінде Хорасан, Мәуераннахр, Батыс Иран, Ауғанстан мен Кіші Азия елдерінде де кеңінен қолданыла бастағаны мәлім. Тіпті Солтүстік Үндістанның кейбір мұсылмандар мекендеген өңірлерінде парсы тілі XIX-дың ортасына дейін әдеби тіл болып есептелген [3, 267]. Ахмет Хазини еңбектерінің басым бөлігінің парсы тілінде жазылуының бірден бір себебі де осында болар. Хазини шығармаларында кездесетін ортаазиялық шағатай тіліндегі сөздерден де сол дәуірдегі сарай тілі саналған парсы тілінің ықпалы айқын байқалады. Мәселен, Г. Кушенова Хазини шығармасының тілі турасында: «Джавахир ал абрар» осман тілінің емлесінен ерекше емле тәртібі бойынша жазылған. Бұл ерекшеліктің біразы шағатай тіліне тән ерекшеліктер. Кейде дыбыс керексіз жерде қолданылып, керекті жерде қолданылмайды немесе харакат арқылы көрсетіледі. Мұнда араб және парсы тілдерінің әсерін байқамау мүмкін емес» деп жазады [8, 68,69].

Араб, парсы, түркі тілдері қолданылған «Манба' ул абхар фи рийаз ал-әброр» шығармасында автор өзі және ортаазиялық сопылық тарикаттар туралы мағлұматтар береді. Еңбек Түркиядағы Сүлеймание кітапханасы қолжазба қорында (Şehid Ali Paşa Koleksiyonu. № 1425)

сақтаулы. Шығармада йасауийа, накшбандийа, чиштиийа, кубравийа, халватийа сынды сопылық тарикаттар мен олардың сопылық шайхтары туралы мәліметтер мен сопылық терминдер кеңінен қамтылған. Бұл еңбекті ғылыми ортаға алғаш рет түрік ғалымы Н. Тосун алып келді [11, 64].

Ахмет Хазинидің «Жауаһир ул әброр мин амуажил бихар» еңбегі – Йасауий сопылық іліміне байланысты жан-жақты мәліметтер беретін бірден-бір құнды шығарма. Хазинидің бұл еңбегі алғаш рет көрнекті түрік ғалымы М.Ф. Көп-рүлү (1890-1966) арқылы ғылыми айналымға енді. Хазинидің аталмыш шығармасы парсы және түркі тілінде жазылған. Шығарма бір ғана нұсқамен, Түркияның Стамбул университеті Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында (Türkçe Yazmalar Bölümü. № 3893) сақталған [8, 37].

Хазинидің Түркияда табылған тағы бір сопылық шығармасы – «Диван» парсы тілінде жазылған. Басым бөлігі ғазалмен жазылған бұл еңбегінде Хаққа сүйіспеншілігін баяндайтын, пайғамбарды, сопы шейхтарын мадақтайтын бәйіттер мен аяттар, хадистер, пайғамбардың қиссаларына сілтемелер кездеседі [8, 63].

Парсы тілдес авторлардың бірі моральды-этикалық бағыттағы, бірі Құдайға деген үлкен экстатикалық махаббатты баяндайтын сопылық дүниетанымға құрылған шығармаларының Орталық Азия елдері мен Қазақстанның рухани мәдениетінде алатын орны айрықша. Е.Э. Бертельс бұл туралы «Шығыс мұсылман авторларының барлығы дерлік суфизммен байланысты, бұл шығармалармен таныспай оны толық түсіну мүмкін емес» деп жазады [4,54]. Мазмұны жағынан Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен басқа, бар ғұмырын Хақты тану жолына арнаған пірлер мен шейхтардың қанатты сөздеріне, олардың ақиқатқа жетуде тартқан машақаттары мен шеккен азаптары, Жаратушыға ғашықтығын жырлаумен ерекшеленген сопылық туындылар [5, 59] қатарындағы Хазини мұрасы Қожа Ахмет Йассауидің өнегелі істері, ұлағатты сөздерімен тараған сопылық дәстүр жайлы құнды жәдігер ретінде терең тыңғылықты зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер

- 1 Абирова Б.И. Суфизм как феномен исламской культуры: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 156 с.
- 2 Абуов А.П. Мироззрение Ходжа Ахмета Ясави. – Алматы, 1998.
- 3 Бархударов Л. С. Язык и перевод. – М., 1999. – 280 б.
- 4 Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература, – М., 1965 г.

- 5 Қыдыр Т. Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI – XII ғ.ғ). филол.ғыл. канд...автореф. – Алматы, 2005. – 137б.
- 6 Кныш А.Д. Мусульманский мистицизм. Краткая история. – М.- СПб., 2004.
- 7 Köprülü M.F. Early mystics in Turkish literature. Translated, edited and with an introduction by Gary Leiser and Robert Dankoff. – New York, 2006.
- 8 Қушенова Ғ. Ахмед Хазинидің еңбектері – Қожа Ахмед Йасауи және Йасауиға тарихының дерек көздері. тар. ғыл канд. ... автореф. – Алматы, 2010. – 130 б.
- 9 Кенжетай Д. Хазини – Йасауи мұрагері // Ислам философиясы. –Астана: Аударма, 2005. – т. IV. – Б. 285-290.
- 10 Тримингэм Дж. Суфийские ордены в исламе / пер. с англ. А.Ставиской. под. ред. и с предисл. О.Ф.Акимущкина. – М.: София ИД Гелиос, 2002. – 480 с.;
- 11 Hazîni. Menba‘u‘l-Ebhar Fî Riyâzi‘l-Ebrar «İyilerin Bahçelerindeki Suların Kaynağı». Hazırlayan: Mehmet Mâhur Tulum. – İstanbul: Pandora Kitabevi, 2009. – 440 s.;
- 12 Хасан Н. Ахмад Махмуд Хазиний. – Ташкент: Фан, 2001. – 104 б.

References

- 1 Abirova B.I. Sufizm kak fenomen islamskoi kulturi: uchebnoe posobie.- Almaty, 2009-p.156.;
- 2 Abuov A.P. World out-look of Khwaja Ahmad Yasawi. Almaty, 1998- p.240;
- 3 Barkhudarov L.S. Language and translation//Moscow- 1999. – p.280;
- 4 Bertels E.E. Sufizm and sufian literature, Moscow- 1965;
- 5 Kidir T. Orta gasirdagi qazaq dalasinda islami adebiettin tuui jane kaliptasui (XI-XII century). Aftoreferat-Almaty-2005.- p.137;
- 6 Kenjetay D. Hazini –Yasawi murageri//Islam filosofiasi. –Astana-2005. – т. IV. – p. 290;
- 7 KnishA.D. Muslim mystics. Moskow.-Saint-Petersburg, 2004;
- 8 Köprülü M.F. Early mystics in Turkish literature. Translated, edited and with an introduction by Gary Leiser and Robert Dankoff. New York, 2006;
- 9 Kushenova G. Ahmad Hazini enbekteri – Khwaja Ahmad Yasawi jane Yasawiia tarihinin derekkozderi. Avtoreferat – Almaty – 2010. – p.130 ;
- 10 Trimingam Dj. Sufian tariqa in Islam– Moskow-2002. –p. 480;
- 11 Hazîni. Menba‘u‘l-Ebhar Fî Riyâzi‘l-Ebrar «İyilerin Bahçelerindeki Suların Kaynağı». Hazırlayan: Mehmet Mâhur Tulum. – İstanbul: Pandora Kitabevi, 2009. – 440 s.;
- 12 Hasan N. Ahmad Mahmud Hazini. – Tashkent- 2001. – p.104.